

Ембі ТЫНЫСЫ

№ 3 (43),
ақпан
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Ембіліктер «Nur Otan» партиясымен бірге (Басы. Жалғасы – 2 бетте)

«Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің Атырау облысына арналған жұмыс сапарының бірінші күні еңбек ұжымдарымен кездесуге арналды. Солардың бірі «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Доссормұнайгаз» МГӨБ-да болып, басқармадағы бастауыш партия ұйымының мүшелерімен жолығып, бастауыш партия ұйымының алдағы жұмыс жоспарларымен танысты.

Сапар барысында «Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында болып, Атырау облысындағы ең ірі бастауыш партия ұйымдарының мүшелерімен кездесті. Кездесу бары-

сында мұнайлы өңірдегі өзекті проблемалық мәселенің бірі шетелдік жұмысшылармен жұмыс және жергілікті кадрлардың бәсекелестікке дайын болу мәселесі айтылды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жер-

гілікті қызметкерлерді үздіксіз оқытумен қатар қазақстандықтар мен шетелдік жұмысшыларға төленер жалақының теңсіздігін болдырмау туралы тиісті бұйрығы бар. Шетелдік жұмысшыларды тарту квотасы былтырғы

жылмен салыстырғанда 40 пайызға қысқарды. Партия жергілікті атқарушы органдармен бірлесе жұмыс істеп отыр, – деп атап өтті өз сөзінде **«Nur Otan» партиясы Төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбек.**



ВНЕДРЯТЬ ОПЫТ МИРОВЫХ ЛИДЕРОВ

(Начало. Продолжение на 3 стр.)

28 января на базе АО «Эмбаунайгаз» состоялось совещание по итогам финансово-хозяйственной деятельности в 2019 году компаний – отдельных добывающих активов АО «Национальная Компания «КазМунайГаз» (далее – НК КМГ) под руководством заместителя председателя Правления по производству НК КМГ Жакына МАРАБАЕВА.

В ходе совещания по результатам финансово-хозяйственной деятельности отчитались руководство и представители дочерних и зависимых компаний НК КМГ – АО «Эмбаунайгаз», ТОО

«Казхтуркмунай», ТОО «Казохойл Актобе», ТОО «Урихтау Оперейтинг» и ТОО «Урал Ойл энд Газ». Для всех вышеназванных компаний, базирующихся в Западном Казахстане дочернее предприятие

национальной компании – ТОО «КМГ Инжиниринг» оказывает широкий комплекс услуг, от планирования разведки и разработки до проектирования и обустройства нефтегазовых месторождений.

Ембіліктер «Nur Otan» партиясымен бірге

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Б.Байбектің айтуынша, Елбасының тапсырмасына сәйкес, «Nur Otan» партиясы Үкіметпен бірігіп, жергілікті ерекшелік пен халықтың нақты қажеттіліктерін есепке ала отырып, аймақтық бағдарламаларды дайындау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп жатыр. Нұротандықтар проблемасы көп барлық бекеттерді, соның ішінде, шалғай аудандар мен ауылдарды қамтуды жоспарлап отыр. Бұл орайда партия БПҰ-ның жұмысына ерекше басымдылық беріп отыр.

«Ембімұнайгаз» АҚ қарасты басқармаларда 5 бастауыш партия ұйымы бар. Бес мыңға жуық ембілік мұнайшылардың 50 пайызы – нұротандықтар. Әр өңірде орналасқан «Ембімұнайгаз» АҚ, «Жылыоймұнайгаз», «Доссормұнай-

газ», «Қайнармұнайгаз», «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармаларының бастауыш партия ұйымдарындағы мүшелерінің араласуымен көптеген қайырымдылық шаралар, әлеуметтік бас партияның бағдарламалары оң нәтижесімен жүзеге асып жүр.

Жиналыстан кейін бірден «Nur Otan» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Б.Байбек қоғамдық қабылдау өткізді. Қабылдау кезінде мақаттықтар жергілікті денсаулық сақтау саласының жұмысын және тәртіп мәселесін жақсарту барысындағы өзіндік ой-ұсыныстарын ортаға салды.

Кездесу соңында Бауыржан Қыдырғалиұлы аталған мәселелерді реттеуді тиісті мамандарға нықтап тапсырды. **Е**



Ембі басшысы аймақ ардагерлерімен кездесті



Жуырда «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржан бастаған компанияның басшылық құрамы облыстың әр түрлі саласында еңбек еткен бір топ ардагерлерімен кездесті.

Кездесу барысында Компания басшысы ардагерлерді Жаңа жылмен құттықтап, олардың егемен еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуына қосқан

елеулі үлестері мен ерен еңбектерін ерекше атап өтті.

– Жаңа қызметке кіріскен соң мен, ең алдымен, осы өңірдің ардагерлерімен кездесуді жөн санадым. Ардагерлер – халықтың асыл қазынасы саналады. Сіздердің бай тәжірибелеріңіз, парасатты ойларыңыз, кеңестеріңіз қазіргі ұрпақ үшін өте маңызды. Дендеріңізге саулық, отба-

сыларыңызға амандық тілеймін, – деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасы Е.Қайыржан.

Жиналған облыстың еңбек ардагерлері мен Компанияның зейнеткерлері өздерінің еңбек еткен жылдарын еске алып, қай кезде де мұнай саласы еліміздің дамуына оң үлесін қосып келгенін, қиын кезеңдерде мұнайшылардың ерлікпен пар-пар еңбектерін жоғары бағалады.

Аймақ ардагерлері атынан сөз алған Атырау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Ризуанов пен Атырау қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә.Бекеш өз ұсыныстарын жеткізді. Ал, кездесуге қатысқан ембілік ардагерлер де өз естеліктерін айтып, бай еңбек тәжірибелерімен бөлісті. ЕМГ Ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Сматуллин компания ардагерлері атынан Басқарма төрағасына бірқатар ұсыныстарын айтты. Атап айтсақ, 2019 жылдың қаңтар айынан бастап ЕМГ тарапынан көрсетілетін қайырымдылық, демеушілік шаралары «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асуы өңір халқына, соның ішінде, ардагерлерге қиындық келтіріп отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, ЕМГ зейнеткерлерін әлеуметтік қорғау бағдарламасында көрсетілгендей, атаулы мерекелер – 8-наурыз – Халықаралық әйелдер күніне зейнеткер әйелдерге және Ұлы Жеңіс күні мерекесіне орай тылда еңбек еткен тыл еңбеккерлеріне жылда берілетін қаржылай көмектің көлемін көтеру жөнінде өтініштерін білдірді. Ел ағалары жаңа тағайындалған Компания басшысының жұмысына сәттілік тілеп, ақ баталарын берді. **Е**

Бас компаниялар жаңалықтары

2019 жыл «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін табысты болды

«Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов Қор тобына кіретін көптеген компаниялардың есеп беру қорытындылары бойынша 2019 жылғы жұмысына оң баға берді.

2019 жыл қорытындысы бойынша Қор компаниялар тобы бойынша 922 млрд теңге көлемінде операциялық пайда (NOPLAT) алынды, бұл жоспарлы көрсеткіштен 20,5% – ға немесе 157 млрд. теңгеге артық. Таза табыс 1 256 млрд. теңгені құрады, бұл жоспардан 38% – ға артық.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобының борыштық жүктемесі 2017 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін 1 трлн теңгеге төмендеді, ал, сыртқы қарыз 5,1 млрд АҚШ долларына төмендеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша акционерге түсетін дивидендтер саны 189 млрд теңгені құрады.

– Бұл нәтижелер – Елбасы 2018 жылдың сәуірінде бекіткен Қордың жаңа стратегиясы-



ның іске асырылуы, – деді Ахметжан Есімов.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Қор компаниялары тобынан бюджетке түскен түсім 1,2 трлн теңгеден астам немесе елдің жиынтық бюджетіне түсетін түсімнің 10%-ын құрайды.

Ашық тендер және баға ұсыныстарын сұрату әдістерінің үлесін арттыру арқылы сатып алудың жаңа моделіне көшу есепті кезеңде 155 млрд. теңге үнемдеуге ықпал етті.

«Эйр Астана» АҚ жолаушылар тасымалы 2018 жылмен салыстырғанда 17% – ға өсті. «ҚазМұнайГаз» ҰК »АҚ таза кірісі 39% – ға өсті. «ҚТЖ» ҰК »АҚ операциялық кірісі 2018 жылмен салыстырғанда 35% – ға артты.

Кездесу қорытындысы бойынша портфельдік компаниялардың тиімділігін арттыру тұрғысынан 2020 жылға арналған негізгі міндеттерді белгіледі. **Е**

Жаңа бірлестік жұмысын бастады

2019 жылы «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды. 2019 жылдың 1-шілде айында мемлекеттік тіркеуден өтіп, өз жұмысын бастаған бірлестіктің негізгі ұйымдастырушылары: ҚР Энергетика министрлігі мен «KazEnergy» Ассоциациясы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ. Бүгінде аталмыш бірлестіктің 9 филиалы ашылып, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында, Павлодар, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Қызылорда және Атырау облыстарында өз жұмысын бастады.

«Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігін құрудағы мақсат – еліміздің мұнай-газ саласын дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары, отын-энергетикалық кешенін дамыту жөніндегі жобалар бойынша ұсыныстар дайындау, осы бағыттағы ғылыми жұмыстарды жандандыру, мұнай-газ секторында ұзақ жылдар еңбек етіп, сала жұмысының қалыптасып, дамуына өзіндік қолтаңбаларын қалдырған ардагер мұнайшылардың еңбектеріне құрмет көрсету, оларды қамқорлыққа алу, ардагерлеріміздің «өмірлік мектебін» бүгінгі мамандарға таныстыру.

2019 жылдың соңында «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республика-



(Сурет компания мұрағатынан алынды.)

лық қоғамдық бірлестігінің Филиалы мұнайлы өңір – Атырау облысында ашылып, жұмысын бастап та кетті. Филиал жұмысына Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек еткен, ардагер мұнайшы Мақсым Шафихұлы Ізбасов жетекшілік етеді.

Газетіміздің келесі санынан «Мұнай-газ кешенінің ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Атырау облысындағы Филиалының директоры М.Ізбасовпен дайындалған сұхбатты оқи аласыздар. Сұхбатта Филиал жұмысы, алға қойған міндеттері, бірлестікке мүшелікке қойылар талаптар, ардагерлерге көрсетілер қамқорлықтар және т.б. мәселелер жөнінде кеңірек баяндалады. **Е**

Өндіріс жаңалығы

Компания басшылығы өндіріспен танысуда

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Басқарма төрағасы Есен Қайыржан өндіріспен таныстызын «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасынан бастады.

Сапар барысында Компания басшылығы Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнының ұңғылар қорымен, ілеспе газды тасымалдау жүйесімен және көп фазалы сораптар қондырғыларының (МФНС) жұмыс жасау технологиясымен, Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнындағы мұнай дайындау учаскесінің технологиясымен және ілеспе газды залалсыздандыру технологиясымен, Оңтүстік Шығыс Қамысты кен орнындағы №448 мұнай өндіру ұңғысына

жүргізіліп жатқан жерасты жөндеу жұмысымен, осы кеніштегі алғаш рет бұрғылау жұмыстары жүргізілетін №461 мұнай өндіру ұңғысының бұрғылау жұмыстарына дайындығы, қабат қысымын сақтау технологиясымен және өндіріске енгізілген ГНК (горизонтальный насосный комплекс) сорабының жұмысымен танысты. Сапар кезінде С.Балғымбаев кен орнындағы ілеспе газды залалсыздандыру мәселесі де кеңінен талқыланды. Басқарма төрағасы кен алаңдарындағы

жатақхана, асхана, медициналық пункт жұмыстарымен де жан-жақты танысты.

Сапардың қорытындысы бойынша мәжіліс болып, онда «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның басшысы Амангелді Сүлейменов 2019 жылда өндірістік көрсеткіштердің орындалуы, 2020 жылда алда тұрған ісшаралар жөнінде қысқаша баяндап өтті.

Мәжіліс барысында басшылық тарапынан қызметкерлердің біліктілігін көтеру, өндіріс шеберлерінің жауап-

тылығын күшейту, өндірістік шығындарды азайту, өндіріске жаңа озық технологияны енгізу, пайдаланылатын тоқ көзін азайту бағытында шаралар жасақтау, өндірілетін ілеспе газды залалсыздандыру мәселесін оңтайландыру және қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру, жас мамандарды жауапкершілігі жоғары жұмыстарға бағыттау және басқарманың экономикалық көрсеткішін көтеру жөнінде бірнеше тапсырмалар берілді. **Е**

Итоги года

Внедряют опыт мировых лидеров

(Продолжение. Начало на 1 стр.)



Начиная отчетное совещание, Ж. Марабаев поблагодарил участников совещания за весомый вклад в развитие казахстанской нефтегазовой отрасли и поделился результатами деятельности национальной компании за прошедший год:

– Юбилейный год был успешным для компании. Своевременно были выпол-

нены все плановые задачи, поставленные перед нами материнской компанией – АО «ФНБ «Самрук Казына». Добыча нефти незначительно выросла за счет увеличения добычи на Тенгизе и Кашагане, несмотря на остановки данных проектов на плановые ремонты, которые были завершены досрочно. На повышение эффективности деятельности

компании повлияло предоставление государством налоговой льготы по НДС для АО «Озенмұнайгаз». Часть средств от льготы будут направлены на решение социальных проблем г. Жанаозен. Из внедренных проектов в прошлом году отмечу запуск газотурбинных станций в ТОО «Казхаттуркмунай», что позволило решить вопросы утилизации газа и обеспечения стабильной добычи нефти. Данный опыт планируется тиражировать и в других компаниях НК КМГ. Для повышения эффективности производственных процессов, в т.ч. путем цифровой трансформации были осуществлены визиты и подписаны меморандумы с лидерами отрасли как ПАО «Татнефть», Шеврон, ЭксонМобил, Тоталь, Лукойл и ЭНИ. Идет процесс внедрения в промышленную эксплуатацию автоматизированной системы технического обслуживания и ремонта оборудования в компаниях АО «Эмба мұнайгаз» и «Озенмұнайгаз». Данная система была внедрена в АО «Мангистаумұнайгаз». Ведется строительство опреснитель-

ного завода в АО «Каражанбасмұнай», который позволит высвободить объем волжской воды для региона в объеме не менее 17 тысяч кубометров в сутки. Этот вопрос очень актуален для Атырауской области, в которой все крупные нефтегазовые проекты зависят от поставок волжской воды. Поэтому, коллеги, нужно будет активизировать работу в реализации проектов по повторному использованию водных ресурсов, – отметил Ж. Марабаев.

Презентацию по итогам финансово-хозяйственной деятельности АО «Эмба мұнайгаз» в 2019 году представил заместитель председателя Правления по производству Канатбек КАСЫМГАЛИЕВ (об итогах работы компании мы знакомили читателей в №1 «Ембі тынысы» от 10.01.2020 г. – прим. от Е.Т.). Отчеты по итогам деятельности компаний представили руководители присутствовавших дочерних компаний НК КМГ. В ходе отчетных выступлений, Ж. Марабаев дал рекомендации и поручения по решению проблемных вопросов по каждому предприятию. **Е**

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі туралы не білеміз?

Жаңа салық туралы не білеміз? Міндетті медициналық сақтандыру қорынан не пайда?

Оны қалай төлейді және көлемі қандай?

Төленген қаржы қайда түседі?

Жалпы, бұл салықты кімдер төлейді?

Бүгінгі сұхбатымыз осы мәселелер төңірегінде өрбімекші. Жоғарыда аталған жүйе жұмысының «Ембімұнайгаз» АҚ-да қалай қолға алынып жатырғаны жөнінде толығырақ Компанияның қаржы директоры – қаржы бақылаушысы Тәжмағамбетова Нұрсауле Әжіғалиқызы толығырақ баяндайды.

– 2020 жылдың 1-қаңтарынан бастап Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылды. Бүгінде еліміздегі барлық кәсіпорындарда аталмыш жүйенің аясында жұмыстар жүріп жатыр. «Ембімұнайгаз» АҚ-да бұл жаңа жүйе қалай жүзеге асып жатқанына тоқталмастан бұрын, бізге аталмыш жүйе не береді деген сауалдан сұхбатымызды бастасақ.

– Иә, үстіміздегі жылдың қаңтар айынан бастап қазақстандықтардың 94,5 пайызы аталмыш жүйенің жұмысымен қамтылуда. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі МӘМС) – халықтың денсаулығын қорғау мақсатында қолға алынған мемлекеттік жүйе. Бұл жүйенің мақсаты – қазақстандықтарды сапалы да қолжетімді медициналық қызметпен қамту.

«МӘМС бізге неге керек болды?» деген сауалға тоқтала кеткім келіп отыр. Бүгінгі таңда әлем елдерінде инфекциялық емес аурулардың өсіп отырғаны анықталуда. Сонымен қатар, медициналық технологиялар дамып, егде жастағы халық санының артуы да осындай өзгерістерді қолданысқа әкеліп отыр. Баса айта кеткім келгені, денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ететін жүйе – бұл.

Енді жүйенің халыққа берер пайдасына тоқталсақ. Қазақстандықтарды амбулаториялық медициналық қызметпен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету желісі кеңейіп, халық бұл қызметтерді қолжетімді бағада көре алады. Медициналық қызметтің сапасы артады. Медициналық сақтандыру қорына жарналар енгізу арқылы сіз қабылдаудан бастап дәрігердің толық тексерулеріне дейін және МӘМС пакеті шеңберінде кез келген емханада медициналық қызметтердің барлық түрлеріне қол жеткізе аласыз.

– МӘМС қалай жүзеге асады?


– Енді жұртшылықтың көкейіндегі негізгі мәселеге көшсек. Медициналық сақтандыру қорына қаражатты кім, қанша көлемде құяды?

– Денсаулық сақтау министрлігі 2020 жылдың 1 қаңтарынан төленетін жарна мен төлемнің мөлшерін бекітті. «Міндетті медициналық әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңының 28 бабына сай, 2020 жылдың 1-қаңтарынан бастап жұмыс берушілер жұмыскерлері үшін өз кірісінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасы ретінде 2% төлем төлесе, ал, жұмыскерлер өз кірістерінен 1% көлемінде төлем аударады. Аталмыш Заң құжатының 29-бабына сай, «Жарналарды есептеу үшін қабылданып отырған ай сайынғы кіріс жеке тұлғаның кірістерінің барлық сомасы бойынша есептелуге тиіс және республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының 10 еселенген мөлшерінен аспауы тиіс. Осыған орай, жұмысшылардың жалақысынан есептелетін медициналық жарнаның көлемі 1 пайыз десек, ол 4 250 теңгені құрап отыр. Бұл қаражатты жұмыс беруші ай сайын, кірістер төлемі жүргізілгеннен кейінгі келесі айдың 25-нен кешіктірмей (Заңның 30-бабына сай) аударуы тиіс. Қазір біз бұл жұмысты бастап кеттік. Ақпан айының 20-жұлдызында төлемдерді аудару жұмысын толықтай аяқтаймыз.

– Кімдер жарна төлеуден босатылады?

– «МӘМС туралы» заңға сәйкес қорға жарна төлеуден босатылатындар – балалар, көп балалы аналар, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, мүгедектер, бала тууға, бала асырап алуға байланысты демалыстағы аналар, жұмыс істемейтін жүкті әйелдер, сондай-ақ, баласы үш жасқа толғанға дейін бала күтіп, жұмыс істемей отырған аналар. Жарна төлемінен босатылатындардың тізімін, әрине, жалғастыруға болады. Алайда, біздің Компания қызметкерлеріне қатысты жарна төлеуден босатылатындарды ғана айтып отырмын.

– Сұхбатыңызға рахмет! 



СІЗ ӨЗ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ САҚТАНДЫРДЫҢЫЗ БА?

Қазақстандықтар міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы не білу керек?

1

Сақтандырылған қазақстандықтарға:

- Амбулаториялық-емханалық көмек: емханадағы емдеу, дәрігерлердің қабылдауы; зертханалық қызметтер: диагностика;
- Стационарлық көмек – жоспарлы тәртіпте ауруханаларда емдеу;
- Стационар алмастырушы көмек – күндізгі стационарда ем қабылдау; Жоғары технологиялық медициналық қызметтер күрделі және бірегей медициналық технологияларды пайдалану арқылы орындалатын медициналық көмек;
- Дәрімен қамтамасыз ету – амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде;
- Мейіргерлік күтім – басынан кешкен аурудың салдарынан өз-өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ, бөгде адамдардың тұрақты күтімін немесе қарауын қажет ететін адамдар;
- Паллиативтік көмек – емдеуге келмейтін, өміріне қауіпті және ағымы ауыр аурулары бар пациенттердің өмір сапасын адам үшін мүмкін болатын ең жоғары қолайлы деңгейде қолдау.

2

Барлық азаматтарға:

- Жедел жәрдем және санитарлық көмек;
- Әлеуметтік маңызы бар аурулар және жедел жағдайлар кезіндегі медициналық көмек;
- Профилактикалық егулер;
- Амбулаториялық-дәрілік қамтамасыз ету арқылы амбулаториялық-емханалық көмек.

3

Сақтандырылмаған азаматтарға:

- Жедел жәрдем және санитариялық көмек;
- Әлеуметтік маңызы бар аурулар (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті және т.б.) және жедел жағдайлар кезіндегі медициналық көмек;
- Профилактикалық егулер.

Қазира Сүйінғариева, ардагер геолог: «Геология – менің қалауым»

«Сын айтылмаған жерде жұмыс жүрмейді. Сын дұрыс болғанда ғана ол адамды шыңдайды, тәрбиелейді. Мен ұзақ жылғы еңбек жолымда сан қырлы жолдарды артқа тастадым. Талай қиындықтарды бастан кешірдім, қинала жүріп, шыңдалдым, дамыдым». Бұл – біздің кейіпкеріміз Қазира Сүйінғариеваның пікірі. Еліміздің мұнай-газ саласында 40 жылдан астам еңбек өтілі бар Қазира Сүйінғариевадан сұхбат алдық. Оның пікірінен мамандығына деген аса жоғары сүйіспеншілікті байқау қиын болған жоқ. Геология – менің өмірде ұстанған бағытым ғана емес, ол – менің қалауым деген пікірден мамандықты осынышама беріле жақсы көру де ганибет екен зой, – деген ой түйдік.

Алдымен өзі жайлы

Қазира еңбекке 17 жасында араласты. Мектепті бітіре сала Гурьевтегі іргелі кәсіпшілік – балық зауытында жұмысқа тұрып, қатардағы жұмысшы ретінде еңбек жолын бастайды. Ал, 1968 жылдың тамыз айында жұмысы мүлдем басқа бағытта жалғасып, ВЛКСМ-нің жолдамасымен «Қазақстанмұнай» бірлестігіне қарасты «Жетібаймұнай» мұнай кәсіпшілігіне жұмысқа орналасқан Қазира Сүйегенқызы «мәртебелі мамандық-мұнайшылық кәсіптің «әліппесін» меңгеруді бастайды. Кейін Еділ мен Жайық – қос өзен арасындағы мұнай өндірісі қолға алынып, оны игеруге аттанған қазақ жастарының арасында Қазира да болды.

Сөйтіп, «Ембімұнай» бірлестігінің «Дос-сормұнай» мұнай-газ өндіру басқармасының Мартыши цехында жұмысын жалғастырады. Ал, 1973 жылы Мартыши цехы жаңадан ашылған «Жайықмұнайгаз» басқармасына толығымен беріледі. Біздің айтпағымыз жаңадан құрылған мұнай кәсіпшіліктерінің жергілікті мамандардың күш-жігерімен игерілгендігі, олардың уақытпен санаспай еткен еңбектерінің арқасында жаңа кәсіпшіліктің қалыптасу жолынан өткендігі.

«Жайықмұнайгаз» басқармасында еңбек етіп жүрген кезінде басқарма жанынан жоғары оқу орнына берілген жолдамамен Альметьевск қаласындағы мұнайшыларды дайындайтын оқу ордасының дайындық бөлімінің тыңдаушысы атанған Қазира Сүйінғариева кейіннен Мәскеу қаласындағы И.М. Губкин атындағы мұнай-газ институтында үздік оқып, тау-кен инженер-геологі мамандығы бойынша диплом жұмысын «үздік» деген бағаға қорғап шыққан оқу ордасының ең үздік деген студенттерінің бірінен саналды.

Ендігі сөз жұмыс хақында

Қазираның еңбек өтілінің 30 жылға тарта уақыты Исатай ауданының аумағындағы іргелі ұжым – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-да



өтті. Осы басқармаға қарасты мұнай өндіру шебері ретінде Оңтүстік-Шығыс Қамысты кен алаңының пайдалануға берілуінде мұнай өндіру жөніндегі мастер Қазираның үлкен үлесі болғанын әріптестері зор ықыласпен айтады. Ал Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Забурын, Қарашығанақ учаскесі, Солтүстік Мартыши, Батыс Новобогат, Жаңаталап кен алаңдарының игерілуінде оның кәсіби геолог маман ретінде қолтаңбасы бар. Технолог, жетекші геолог, бөлім басшысы, цех басшысы болып қызмет ете жүріп, мұнайлы өңір Исатай ауданының қалыптасып-дамуында өзіндік зор қолтаңбасы барын ерекше айта кеткен жөн. Өндірістік қажеттілікке байланысты, 2002 жылы басқармада ғылыми – зерттеу және өндірістік жұмыстар жүргізу цехы ұйымдастырылып, ашылғаннан кейін Қазираның көп жылғы тәжірибесі ескеріле отырып, оған осы цехты басқару жұмысы сеніп тапсырылды.

Өзіне тапсырылған қандай да жұмыс болмасын, барлығын да абыройлы атқара білген Қазира Сүйінғариева 2006 жылы

зейнеткерлік демалысқа шықты. Мұнай-газ саласына 40 жылдан астам өмір жолын арнау – әрбір адамның сол мамандыққа деген қызығушылығының, құрметінің айғағы.

Қазира өзінің геолог маман ретінде қалыптасу жолы Ембі өңірінде өткенін мақтанышпен айтады. Осы еңбек еткен жылдар аралығында кездескен қиындықтар да бүгінгі күні «көрген түстей өте шықты» деген сөзінің бүгінгі жас мамандарға үлкен өнеге екені даусыз.

Мартыши (бүгінгі С.Балғымбаев кеніші) кен алаңы мен аудан орталығы Аққыстау селосының арасын жалғап жатқан 15 шақырым жол сол уақыттарда мұнайшылар талай көтерген «проблеманың бірі болатын», Мартыши мұнайшылары үшін осы 15 шақырым жерді бағындыру оңай болған жоқ. Ол кезде бүгінгідей жайлы көлік те жоқ, үсті ашық жүк машиналарымен қысы-жазы өндіріске қатынайтын. Осы басқармаға қарасты кен орындарының топырағының сазды (балшықты) екенін сол өңірде болған адамдардың бәрі біледі. Сондықтан да, тіпті, аз жауын жауғанның өзінде қара жол жүруге мүлдем жарамай, ұзақ уақыт бойы кеплейтін ми батпаққа айналатын. Ал, қыста бұл өңірде суық желді боранды күндер жиі болып тұратын еді. Сол боранның кесірінен, өндіріс жолдарын қар басып, кенішке қатынау мұң болатын. Техниканың тапшылығы өз алдына бөлек әңгіме.

Ол кездерде өндіріс жұмысының толықтай қол күшімен жүзеге асатынын еске алады. Автоматты жүйе деген атымен жоқ. Мұнай дайындау және айдау жөніндегі оператор ретінде өнім деңгейін анықтау, сынама алу үшін күніне бірнеше рет биіктігі 12 метрлік май қазанына көтеріліп-түсуге тура келетін. Өндірісте мұндай 6 қазан болды. Бәрінен де түнде осы биіктікке көтерілу өте қиын болатын. Электр бағаналары жоқ, дала тастай қараңғы, алыста жанған факельдің жарығымен қазанға көтеріліп, мұнай деңгейін өлшейтін.

Ол кездері мұнайшыларға арналған бүгінгідей жайлы жатақханалар, асханалар

болмаған еді. Алайда, мұнайшылар «барға риза» болып, тоқ пейілмен еңбек етті. Күн демей, түн демей, уақытпен санаспай, вагондарда тұрды, жатақхананың бір бөлмесінде 6 адамнан қысылып-қымтырылып тұрып жатса да, орталары толған көтеріңкі көңіл-күй болатын. Аптап ыстықтарда оператор бөлмесінің іші қапырық, ауа жетпей түнімен есікті айқара ашып тастауға мәжбүр болатын. Бұл өңірдің көктем мен жаз, күзінің бір ерекшелігі «ызыңдаған масаға толы» болатыны. Қыста бет қаратпайтын суық жел. Одан басқа да түрлі тұрмыстық қиындықтар болғанымен, жұмысшылар мойымайтын.

Адал еңбек – ортақ жеңіс

Қазира Сүйінғариева адал еңбегінің арқасында әлденеше рет жоғары марапаттарға ие болды. Оператор болған кезінің өзінде «Ерен еңбегі үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен, мерейтойлық төс белгілермен, Құрмет грамотасы, Алғыс хаттармен марапатталды. Бірнеше рет «Коммунистік еңбектің екпіндісі», «Социалистік жарыстың жеңімпазы» атанды. Қазира Сүйегенқызының ұзақ жылғы еңбек тәжірибесі «ҚР мұнай кәсіпшілігінің энциклопедиясы» мен «Ел ардақтылары – Мұнайшы-геологтар» энциклопедиясына енгізілді.

Марапаттары туралы әңгіме қозғалғанда біздің кейіпкеріміз «ол-ортақ жеңіс қой» деп ұзақ жылдар бір саптан табылған әріптестерінің есімдерін зор мақтанышпен айтады. Олар: Н.Балғымбаев, Р.Қалмұханов, С.Саппаев, Б.Елеманов, З.Айданалиев, С.Дүзбаев, А.Назаров, М.Нұрғалиев, М.Нұрмұханов, К.Таубаева, С.Намазов, Б.Нарембаев, А.Көптілеуова, Р.Абдрахманова, А.Қабделова, Г.Джумашева және т.б.

– Бұл есімдерді бүгінгі жас мамандар ұмытпауы керек. Осы мамандар қосөзен арасындағы кен орындарды игеруге зор үлес қосты. Олардай білгір мамандардың еңбегінің арқасында Ембі өндірісі игерілді, – деген пікірін де нықтай түсті біздің кейіпкеріміз. **Е**

Есенқұл – үздіктердің қатарында

«Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппараты бойынша 6 қызметкер 2019 жылдың қорытындысы бойынша үздік деп танылды. Үздіктердің қатарында Орталық бухгалтерия бас бухгалтерінің орынбасары Есенқұл ОСПАНОВ та бар.



2019 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның салық тіркелімдері автоматты жүйеге көшірілді. «Ембімұнайгаз» АҚ-ның еліміздегі ірі салық төлеушілердің бірі екенін ескерсек, бұл аталмыш жобаның Компания жұмысында қаншалықты маңызды екені түсінікті де. Бүгінде Компанияның салықтық жүктемесі 40 пайыздан астам көрсеткішті құрап отыр. Бұл орайда, «Ембімұнайгаз» АҚ Қазақстандағы жер қойнауын пайдаланушы компанияның бірі ретінде республикалық және жергілікті бюджетке ауқымды салық төлемдерін төлеп келеді. Салық төлемдерінің уақытылы және толық төленуінде автоматты жүйенің маңыздылығы зор.

«Жаңа жүйенің компанияда нәтижелі жүзеге асуында Есенқұлдың еңбегін әріптестері жоғары бағалайды. «Компанияның өте күрделі салық жүйесіне SAP ERP бағдарламасын енгізуде біздің Есенқұл өзін кәсіби маман ретінде көрсете білді», – дейді ембілік есепшілер.

Қазақстан бойынша алғашқылардың бірі болып «Ембімұнайгаз» АҚ-да «Корпоративтік салық төлемдерінің кірісі мен шығысы» SAP FI SL модулі жасақталуда. Аталмыш модуль Ресей елінде жақсы жолға қойылған, ал, Қазақстан мемлекеті үшін тың жүйе. Алайда, екі елдің Салық Кодексіндегі айтарлықтай

өзгешеліктер модуль жүйесіне де әсер етіп отыр. Осы мәселелерді тереңірек меңгеру мақсатында Есенқұл Оспанов Екатеринбургтегі оқу орталығында ұйымдастырылған арнайы курстан өтті. Компанияның бухгалтерлік, жедел және басқарушылық есеп жүйелерінің мәліметтері енді бір базаға топтастырылмақшы. Жүйе іске қосылғанда компанияның есеп және салық саласының бірыңғай жүйеге енгізілген дерекқоры болады.

Өз жұмысында кәсіби шеберлігін дәлелдей білген Есенқұл Оспановты лайықты марапатымен құттықтаймыз. **Е**

Внимание! Конкурс! Уважаемые коллеги!

*Объявляем о старте
ежегодного корпоративного конкурса*

«Я эмбаинец!»

*среди работников аппарата управления и производственных
структурных подразделений АО «Эмбаунайгаз».*
По традиции в основу конкурсных тем легли ценности компании.

1. Жизнь людей – наша безусловная ценность. Обеспечение сохранности жизни и здоровья наших работников через внедрение культуры безопасности для себя и своих коллег. Работник приходящий на работу должен вернуться живым и здоровым.

2. Доводим дело до конца. Компания стремится к достижению заявленных результатов и поставленных целей. Мы ценим работников, мотивированных на результат.

3. Бережное отношение к родной земле и компании. Компания ценит работников, бережно относящихся к окружающей среде и бережливо к имуществу Компании.

4. Профессионализм. Компания создает условия для повышения профессионализма своих работников. Мы ценим работников, стремящихся к приобретению новых знаний и создаем равные условия для карьерного роста.

5. Этика и уважение к личности. Компания стремится к созданию культуры взаимоотношений, основанной на взаимном уважении и доверии.

НОМИНАЦИИ

Конкурсные заявки принимаются по вышележащим темам в 3-х номинациях:

1. Лучший проект по развитию производственных процессов (I, II и III место)

2. Лучший проект по повышению безопасности труда и бережливому производству (I, II и III место)

3. Лучший проект/творческая работа по развитию корпоративных коммуникаций (I, II и III место)

Приветствуются нестандартные подходы и современные форматы в подготовке конкурсных работ!

ОРГАНИЗАТОР КОНКУРСА

Служба по связям с общественностью АО «Эмбаунайгаз».

ЦЕЛЬ КОНКУРСА

Мотивация работников, предлагающих новые эффективные решения по улучшению производственных процессов, оптимизации затрат, повышению производственной безопасности,

внедрению элементов бережливого производства, развитию внутрикорпоративных коммуникаций.

КРИТЕРИИ ОТБОРА ПОБЕДИТЕЛЕЙ

Проекты/творческие работы оцениваются исходя из следующих критериев: соответствие предоставленных работ целям конкурса, новизна материала и формата его подачи, глубина изложения темы, доступность для восприятия.

ПЕРИОД ПРИЕМА КОНКУРСНЫХ ЗАЯВОК

С момента объявления конкурса до 20 марта 2020 г.

УСЛОВИЯ КОНКУРСА

- К участию в конкурсе допускаются все работники аппарата управления и производственных структурных подразделений АО «Эмбаунайгаз». Проекты/творческие работы принимаются в различных жанрах: в виде презентаций, в текстовом формате (эссе, стихи, проза, художественные изображения), в виде визуального контента (видеоролики, вайны).
- Конкурсные заявки принимаются по адресу: головной офис АО «Эмбаунайгаз» по адресу: Валиханова 1, каб. №105, либо на электронные адреса сотрудников службы по связям с общественностью: G.Karajanova@emg.kmger.kz (телефон: 21-121, 99-34-21), A.Ertleuova@emg.kmger.kz, телефон: 21-309, 99-32-09.
- Победители конкурса определяются компетентным жюри в составе топ-менеджеров компании, руководства профсоюзной организации и руководителей профильных департаментов.
- Награждение победителей конкурса состоится в марте-апреле текущего года.
- Имена победителей конкурса будут опубликованы в корпоративной газете АО «Эмбаунайгаз» – «Ембі тынысы», корпоративном сайте – www.emba.kz, а также официальных страницах компании в социальных сетях.

УДАЧИ В ПОДГОТОВКЕ КОНКУРСНЫХ МАТЕРИАЛОВ! 🇰🇰

Назар аударыңыздар! Байқау! Құрметті әріптестер!

«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелер мен басқару аппараты жұмысшылары арасында

«Мен – ембілікпін»

атты дәстүрлі ұжымдық шығармашылық байқауын жариялаймыз.
Байқау тақырыптары дәстүр бойынша ЕМГ-нің дамуы аясындағы
Компанияның құндылықтарына арналып отыр.

ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ІРІКТЕУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Жобалар/шығармашылық жұмыстар төмендегі критерийлер бойынша бағаланады: ұсынылған жұмыстардың байқау мақсаттарына сәйкестігі, материалдың жаңалығы мен оны ұсыну форматы, тақырыптың тереңдігі, қабылдауға қолжетімділігі.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ МЕРЗІМІ

Байқау жарияланған сәттен 2020 жылғы 20-наурызға дейін.

БАЙҚАУДЫҢ ШАРТТАРЫ

• Байқауға «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық құрылымдық басқармалардың, орталық басқару аппаратының кез келген жұмысшысы/қызметкері қатыса алады. Жобалар / шығармашылық жұмыстар әртүрлі жанрларда: презентация, мәтіндік форматтарда (эссе, өлең, проза), көрнекілік контенттері форматында (бейнеролики, вайндар) қабылданады.

• Байқау жұмыстарын «Ембімұнайгаз» АҚ-ның бас кеңсесі: Уәлиханов көшесі, 1. №105 каб. мекен-жайында қабылданады немесе Қоғаммен байланыс қызметі мамандарының электронды пошталары (G.Karajanova@emg.kmger.kz (байланыс телефоны–21-121, 99-34-21), (A.Ertleuova@emg.kmger.kz) (байланыс телефоны -21-309, 99-32-09) жолдай аласыздар.

• Байқау жеңімпаздарын компанияның топ-менеджменті, кәсіподақ ұйымының жетекшілері және салалық департаменттер жетекшілерінен құралған қазылар құрамы анықтайды.

• Жеңімпаздарды анықтау ағымдағы жылдың наурыз-сәуір айларында өтеді.

• Жеңімпаздардың есімдері «Ембімұнайгаз» АҚ-ның корпоративті басылымы «Ембі тынысы» газетінде, корпоративті сайтында – www.emba.kz, сондай-ақ, әлеуметтік желілердегі компанияның ресми парақшаларында жарияланады.

БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРҒА СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ! 🇰🇰

1. Адам өмірі – біздің басты құндылығымыз. Өзіміз және әріптестеріміз үшін қауіпсіздік мәдениетін енгізу арқылы жұмысшыларымыздың өмірі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету. Жұмысқа келген қызметкер отбасына аман-есен оралуы тиіс.

2. Әр істі соңына дейін жеткіземіз. Компания алға қойған мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге тырысады. Біз жақсы нәтижеге қол жеткізуге ынтасы жоғары жұмысшыларды бағалаймыз.

3. Туған жер мен Компанияға ұқыпты қарау. Компания қоршаған орта мен Компания мүлкіне ұқыпты қарайтын қызметкерлерді бағалайды.

4. Кәсібилік. Компания өз жұмысшыларының кәсіби біліктілігін арттыру үшін барлық жағдай жасауда. Біз білімін жетілдіруге ынтасы бар жұмысшыларды бағалаймыз және кәсіби тұрғыда өсуге бәріне бірдей жағдай жасаймыз.

5. Этика және жеке тұлғаға деген сыйластық. Компания сыйластық пен сенімге негізделген өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ұмтылады.

НОМИНАЦИЯЛАР

Байқауға қатысуға ұсыныстар жоғарыда аталған тақырыптарға сай 3 номинация бойынша қабылданады:

1. Өндірістік процестерді дамыту бағытындағы үздік жоба (I, II және III орын)

2. Еңбек қауіпсіздігін арттыру және үнемді өндіріс бағытындағы үздік жоба (I, II және III орын)

3. Корпоративті коммуникацияны дамыту бағытындағы үздік жоба/шығармашылық жұмыс (I, II және III орын)

Байқауға жұмыстарды дайындау кезінде стандартты емес тәсілдер мен заманауи форматтар қолдануға болады!

БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Қоғаммен байланыс қызметі

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ

Өндірістік процестерді жақсарту, шығындарды оңтайландыру, өндірістік қауіпсіздікті арттыру, үнемді өндіріс элементтерін енгізу, ішкі корпоративті коммуникацияны дамыту.

Инста-конкурс

Мои итоги года

Зачем люди подводят итоги года? Лично я для того, чтобы осознать, что не щепка в море, которую несет непонятно куда, а капитан большого корабля, который знает пункт назначения. И мой внутренний капитан мне подсказывает, что на пути встретятся не только штить, но и бури, и шторм. Нужно просто принять этот факт и довериться жизни. Жить в моменте и последовательно идти к своей цели.

2019 год для меня – молодого специалиста АО «Эмбаунайгаз» был предельно насыщен событиями. Мне посчастливилось наблюдать, как на базе НГДУ «Жайыкмунайгаз» проходит конкурс «Лучший по профессии 2019», в ходе которого мои коллеги из разных подразделений соревновались в профессиональных знаниях и навыках. Конкурс проходил 2 дня и у меня была отличная возможность пообщаться с рабочей элитой нашей компании. Особенно приятно, что старшие коллеги охотно делились с нами, молодыми специалистами, своими знаниями и тепло

напутствовали на достижение поставленных целей в работе и жизни.

Особо отмечу большое внимание, которое руководство компании уделяет поддержке молодых специалистов. Летом прошлого года к 120-летию юбилею казахстанской нефти для нас был организован тимбилдинг с участием молодых специалистов из всех подразделений компании. В ходе спортивной эстафеты, мы почувствовали себя настоящей командой. В июле состоялась интеллектуальная игра «Брейн-ринг» среди молодых специалистов в вахтовом поселке «Каспий Самалы», в которой команда НГДУ «Жайыкмунайгаз» заняла 1 место. Но, пожалуй, самым запоминающимся событием уходящего года стали Дни молодых специалистов в ноябре. Благодаря участию в серии отлично организованных спортивных, интеллектуальных и личностных тренингов, я действительно вышла из зоны комфорта и рамок, поставленных мною самой. Особенно запомнился большой костер,

который соорудили мы сами. Кульминацией уходящего года стали «Дни Культуры» в «Эмбаунайгаз», в ходе которых наш дружный коллектив сблизился еще больше.

И конечно, самое главное достижение – получение 4 разряда, который был мне присвоен после успешно сданного экзамена. Конечно я волновалась, но благодаря поддержке коллег, напутствовавших перед экзаменом, преодолела свой страх и успешно справилась с заданиями.

Хочу сказать большое спасибо всем, кто был со мной в этом году. От всей души благодарю руководство компании, коллег, друзей которых я обрела в течении года, за поддержку, искреннюю дружбу и крылья, которые вы даете для всех проектов. Этот год научил меня: не бояться быть собой, потому что любимая компания и настоящие друзья всегда будут рядом! 🇰🇰

Талгаткызы Айгерим
Оператор ЦИР «НГДУ «Жайыкмунайгаз»



Дуалды оқыту: болашақ энергетиктер – Ембі өндірісінде

2020 жылдың қаңтар айында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің 29 студенті дуалды оқыту жүйесі бойынша «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік алаңдарында оқуды бастады.

Дуалды оқыту бағдарламасы жүзеге асқан кезден бастап «Энергетика» мамандығы бойынша білім алып жатқан 5 студент алғаш рет «Ембімұнайэнерго» басқармасының бөлімшелерінде «Электр құралдарын жкндеу және қызмет көрсету электр монтері» мамандығы бойынша өндірістік оқу мен тәжірибеден өтеді.

Студенттердің негізгі бөлігі «Мұнай-газ ісі» және «Геология» мамандықтары бойынша «Жайықмұнайгаз», «Қайнармұнайгаз» және «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармалары кен алаңдарының зерттеу жұмыстары және мұнай өндіру цехтарында «Ұңғыларды зерттеу операторы» және «Мұнай-газ өндіру операторы» мамандықтары бойынша білім алады.

– Жоба жүзеге аса бастаған жылдары ЕМГ базасында жұмысшы мамандықтар бойынша 117 сту-

дент дуалды оқытудан өтті. Қазіргі таңда Компанияның өндірістік базаларында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті, АРЕС Petrotechnic жоғарғы колледжі, С.Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжі, Мақат мұнай және газ технологиялық колледжінің 49 студенті аталған жоба бойынша білім алууда, – дейді ЕМГ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану ШАРАФЕТДИНОВА.

Естеріңізге сала кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ-да студенттерді Дуалды оқыту бағдарламасы 2015 жылдың тамыз айында басталған болатын. Жоба кесте бойынша жүзеге асады: студенттер 14 күн бойы вахталық әдіспен кен алаңдарында тәжірибе жинақтаса, 14 күнде өз білім ордаларында теориялық білім алады. Жоба шеңберінде тағылымгерді оқыту, тамақтандыру,



жатын орынмен, арнайы киіммен және өтемақы төлемдерімен қамту шығындарын Компания өтейді.

Бақытжан Жақсыбек, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің «Геология және кен орындарын игеру» мамандығының III курс студенті:

«АТА ЖОЛЫН ЖАЛҒАУ – АРМАНЫМ»
– Мен Мақат ауданының бұрынғы Байшонас ауылында дүниеге келдім. Ес білгелі бері жазық далада тербелген ұңғымаларды көріп өстім. Үйде де мұнайшы кәсібі туралы әңгімелерді жиі еститінмін. Өйткені, атам өмір бойы «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында еңбек етіп, әжем де осы салада қызмет етті. Әкем, ағаларым да өз өмірлерін «қара алтын» өндіру саласына арнады.

Маған университет қабырғасында жүріп-ақ болашақ мамандығымның қыр-сырын тануға,

мұнайшылармен бірге жұмыс жасауға, өндірісте тәжірибе жинақтауға үлкен мүмкіндік туып отыр. Өмірлік мамандық таңдауда қателеспегеніме тағы бір мәрте көзім жетті.

Шынар Мақсотова, С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің «Геология және кен орындарын игеру» мамандығының III курс студенті:
«МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ҚАТЕЛЕСПЕПІН»

– Мектепте білім ала жүріп, «болашақта кім боламын?» деген ой жиі мазалайтын. Таңдау көп болды. Алайда, мұнайшыдан басқа бірде-бір мамандық жаныма жақын болмады.

Дуалды оқыту бағдарламасына ілігу үшін, алдымен, әңгімелесу кезеңінен өттік. «Геология және кен орындарын игеру» мамандығы бойынша жинаған ұпай қорытындысымен университет бойынша 12 студент іріктелдік. **Е**



Денсаулық

КОРОНАВИРУС: аурудың алдын алайық!

Атауының төркіні латынның «crowns» (тәж) немесе «halos» (шеңбер) деген сөздерінен пайда болған. Микроскоппен қарағанда тәж бен шардың қосындысына ұқсайтын вирус түрі өткен ғасырдың алпысыншы жылдары анықталған. Дегенмен, «шығу тегі белгілі болса да, «вирустың өз ерекшелігі мен айырмашылығы бар» дейді мамандар.

Тәж вирусы деген атау берілген індет туралы бір анық мәлімет бар: оны жұқтырған адамның өкпесі қабынып, пневмония дертіне шалдығады.

Бүгінгі таңда Қытайдан бастау алған індет күллі әлемді сансыратып отыр. Ухань қаласының әкімі келтірген дерек бойынша, қаланы оқшаулағанға дейін 5 миллион адам қаладан, 4096 уханьдық шетел асып үлгерген. Осы – диагноздың белгісі байқалған бірнеше адам Тайланд, Сингапур, АҚШ, Австралия, Жапония, Малайзия, Оңтүстік Корея, Франция, Вьетнам, Канада, Непал, Камбоджа, Германия, Шри-Ланка және т.б. елдерде де анықталып отыр.

Осыған орай, дәрігер-мамандар айтып жатқан сақтық шараларына ерекше назар аударуға кеңес береміз. **Е**

ЖАҢА
КОР
2019-NCOV
НАВИРУС

КӨПТЕГЕН АДАМДАР КОРОНАВИРУС АУРУЫ ЖӨНІНДЕ БІЛМЕЙДІ.
Коронавирус – ол қандай ауру?

Коронавирустар – бұл жануарлар мен адамдар арасында таралған вирустардың үлкен отбасы. 2019 жылы жаңа коронавирус ауруы (2019-nCoV) – Қытайда, Ухань қаласында алғаш рет анықталған респираторлық ауру. Хабарламалар бойынша, Уханьда емделушілердің көбі Қытай теңіз өнімдері мен жануарлардың ірі нарығымен байланыста болған науқастар себепші болды. Бұл – адамнан адамға таралатын ауру. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қазақстан Республикасында вирустың алдын алу бойынша жұмыс істеуде.

АУРУДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ ҚАНДАЙ?

- Жөтел
- Температураның көтерілуі
- Пневмония
- Ентігу
- Құсу
- Диарея
- Өкпе жеткіліксіздігі
- Бүйрек жеткіліксіздігі

Прогрессия жағдайында науқаста өлімге әкелуі, өте ауыр асқынулар дамуы мүмкін:

2019- nCoV АДАМНАН АДАМҒА ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

2019- nCoV коронавирус тұмау сияқты:

- 1 Науқас адаммен тікелей байланыс арқылы
- 2 Түшкіру және жөтел кезінде
- 3 Науқас адамның жеке заттарымен және ыдысымен байланыс арқылы жүзеге асады.

120 шақырым жүгірген ембіліктер

Өткен жылдың қазан айында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған Oil Marathon 120 шақырымдық марафон басталған болатын. Жаңа форматты марафонның ерекшелігі сол, бір жылға созылатын спорттық шараға еліміздің әр өңірінен кез келген адам қатыса алады. Яғни, марафоншылар бір жыл ішінде 120 шақырым қашықтыққа жүрігін, ұялы телефондардағы жүгіруге арналған қосымшалар (Strava, Endomondo, NikeRunning) арқылы «есеп» жіберуі керек.



тқандық емес. Өйткені, ол – Гиннесс рекордтар кітабына марафон жүгіру спорты бойынша 7 рет енген әлемдегі төрткүл дүниенің ең үлкен құмды шөлдерін бір өзі ғана жүгіріп өткен жалғыз марафоншы. Оның ембілік жастарға айтқан әңгімесі, өсиеті маған ерекше әсер етті. Форум соңында әріптесім маған осы қайырымдылық онлайн-марафоны жөнінде айтты. Бірден ұйымдастырушыларға хабарласып, сайтқа тіркеліп, келесі күні жүгіруді бастап кеттім.

Күн сайын жүгіру арқылы мен алға қарай ұмтылуды, өз-өзімді дамытуды үйрендім. Әлеуметтік желіде марафонға қатысушылардың конференциясына қосылып, күн сайын жіберген «есептеріміз» арқылы бір-бірімізді жігерлендіре түсірдік. Бұл марафон менің есімде мәңгіге сақталады, – дейді әріптесіміз Абай Атымтай.

– Маған ерекше әсер еткені – марафонға тіркелуден түскен қаражат «ерекше» балаларға жұмсалатыны, – деп ойымен бөлісті «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ өндірісті автоматтандыру бөлімінің инженері Анар Құрманова. – Басты шарт – бір жылда 120 шақырым жүгіру болды. Бастапқыда, өз-өзіме сенімсіздік болғаны рас. Дегенмен, бұл марафон менің жігерлендірді. Жас мамандар күніне орай соң ұйымдастырылған шаралардан соң 2020 жылдың 10-қаңтарына дейін марафонды аяқтауға бел будым. Қыс мезгілінде, қолайсыз ауа-райына қарамастан, алға ұмтылып, мақсатыма жеттім. Бүкіл Қазақстан аумағына таралған қайырымдылық марафонын ұйымдастырушылар да өзіміз сияқты жастар. Түйген ойым – мақсатқа жету үшін, ең алдымен, іске көшу керек. **Е**

Ол үшін www.run120.kz сайтына тіркелу шарт. Тіркелу бағасы – 6000 теңге. Жиналған барлық қаражат мүмкіндігі шектеулі балаларға беріледі.

Ұйымдастырушылардың бірі Алтынай Нұғманованың айтуынша, қазақ мұнайының мерейтойына арналған онлайн-марафонды өткізудегі мақсат – ел тұрғындары арасында жүгіру спортын дамыту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, мүмкіндігі шектеулі балаларға көмектесу. 120 шақырым жүгірген барлық марафоншыға арнайы медаль беріледі.

Ал, жиналған қаражат Атырау қаласындағы «Сана» әлеуметтік дамыту қоғамдық қорына тапсырылады.

Бүгінгі таңда 180-ге жуық адам марафонға қатысуға тіркеуден өтіп, оның ішінде 80-ге жуығы марафон қашықтығын еңсерді. Марафонға қатысуға тіркелгендердің ішінде, ембілік жас мамандар да бар – Анар Құрманова, Жаслан Кахим, Жалғас Қазжанов, Абай Атымтай және басқалар.

Орталық басқару аппараты сатып алу және жергілікті қамту департа-

ментінің инженері Абай Атымтай 120 шақырымға жету үшін ай жарымға жуық уақыт қана жеткілікті болғанын айтады. Ол аталған қайырымдылық жобаға қатысу үшін 11-қарашадан бастап тіркеліп, 21-желтоқсанда медальды алған.

– Өткен жылдың қараша айында ЕМГ-нің «Жас мамандар күні» ұйымдастырылып, форум аясында әйгілі марафоншы Марат Жыланбаевпен кездескен болатынбыз. «Ол – аңыз адам» десек, артық ай-

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ.

Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – 8 (7122) 99-34-80; 21-353

A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының

жалпы мәселелер жөніндегі

орынбасары;

А.Құтжанов – өндіріс жөніндегі

басқарушы директор;

Г.Шарафетдинова – қызметкерлерді

басқару және еңбекке ақы төлеу

департаментінің директоры;

Ө.Каримов – келешекті дамыту

департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс

қызметінің жетекшісі.

Баспахана:

«Реформа» баспаханасы

Мекен-жайы: Алматы қ., Ақбұлақ м/а,

Шарипов көш., 40 Б.

Байланыс телефондары:

+7 (727) 344 10 14, +7 (727) 327 61 67

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

Құпиялылыққа кепілдік беріледі.
«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі